

Инклюзивті өсудің жоғары жазығына апаратын жолды табу

Авторы: Кристин Лагард

Астана Экономикалық Форумы – Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан – 16 мамыр, 2019 ж.

Алғы сөз

Кіріспе

Сәлем! Қайырлы таң!

Елбасы Назарбаев, осы жылғы форумда мені қарсы алғаныңыз үшін сізге алғысымды білдіремін.

Кеше Нұр-Сұлтанға келіп, Қазақстанға соңғы сапарымды есіме түсірдім. Өткен жолы келгенімде көп адам маған танымал ақын Абайдың сөздерін айтқан еді. Сол сөздердің бірі ұзақ жылдар бойы есімнен кетпеді: «*Ақырын жүріп, анық бас*».

Бүгін осы аймақтың перспективалары мен мәселелерін талқылаған кезде, мен осы идеяны негізге алғым келеді.

I. Жаһандық және аймақтық болашаққа көзқарас

Біз әлемдік экономика үшін шетін жағдайда жиналып отырмыз.

Екі жыл бұрын әлемдік экономиканың 75 пайызында өсу тенденциясы байқалды. Биыл біз осы өсімнің 70 пайызға *баяулауын* күтеміз.¹

2018 жылдың екінші жартысында әлемдік өсу импульсінің бәсеңдеуі айтарлықтай дәрежеде сауда шиеленістеріне және қаржылық шарттардың қатаңдауына байланысты орын алуда. Дегенмен, алдымыздағы алты айдың ішінде әлемдік экономика қалпына келеді деген болжам жасалған. «Шетін жағдай» дегенде мен осы туралы айтқан едім.

Біздің бірге жасайтын келесі қадамдарымыз дұрыс жолға шығуымызда шешуші мәнге ие болады. Бұл аймақ онда негізгі рөл атқарады.

Бүкіл Кавказ және Орталық Азия (КОА) бойынша өсім 2014 жылдан бері ұлғайып, **осы жылы және 2020 жылы 4,1 пайыз деңгейінде қалады деп күтілуде**. Алайда, бұл сан аймақтың ұзақ мерзімді әлеуетінен әлі де айтарлықтай төмен болмақ, сондай-ақ ол аймақтың тұрмыс деңгейін Еуропа мен Азиядағы қалыптасқан нарықтық экономикасы бар басқа елдердің деңгейіне дейін көтеру үшін тым төмен.

Яғни, бұл жердегі мәселе анық. Біз өсімді жоғарырақ деңгейге көтеруіміз керек. Біз қадамды *абайлап* басып, бірақ осы жолмен *сенімді* жүруіміз керек. Бізге жақсы ішкі саясат, көбірек экономикалық әртараптандыру және анағұрлым мықты халықаралық ынтымақтастық қажет.

Ең бастысы, **бізге әйелдердің, жастардың, тұрмыс жағдайы нашар және ауылдық аймақтарда тұратын адамдардың әлеуетін көтеретін инклюзивтік және тұрақты өсім қажет, себебі бұл келешек ұрпақтың үмітін арттырады.**

Бүгін жарияланған [жаңа ХВҚ зерттеуі](#) өңірдегі инклюзивтік өсудің осындай түріне қол жеткізуге бағытталған. Біздің көретін жолымыз туралы қысқаша айтып өтуге рұқсат етіңіз.

II. Инклюзивті өсуге апарар жол

Бұл жерде барлығы үшін бірыңғай шешім жоқ, бірақ бірнеше қағида анық.

- Біріншіден, **қаржы-бюджет саясаты берешек туралы мәселелерді денсаулық сақтау, білім беру және инфрақұрылым салаларындағы маңызды бастамалармен теңгеруі тиіс.** Бұл ретте ХВҚ өңірге техникалық көмек көрсету және әлеуетті дамыту бағдарламалары арқылы қолдау көрсетуін жалғастырады.
- Екіншіден, **аймақтағы сыбайлас жемқорлық мәселесін шешу қажет.** 2019 жыл – азаматтар мен Үкімет арасындағы ашықтықты арттыру және сенімді нығайту үшін қолайлы сәт.
- Үшіншіден, **құқықтық және экономикалық кедергілерді жоюды жалғастыру арқылы әйелдер мен басқа да азшылық топтарды жігерлендіруге болады.** Үкімет пен жеке компаниялардың қауырт жұмысының арқасында әйелдердің Қазақстандағы жұмыс күшіне қатысуы қазір 65% құрайды² — бұл өңірдегі ең жоғары көрсеткіш және Орталық Азияның әрбір елі үшін бағдар болып табылатынын айта кеткен жөн.
- Ақырында төртіншіден, **қаржы секторы сенімді болып, оның қызметтеріне кеңінен қол жеткізілуі тиіс.** КОА елдеріндегі ересектердің небәрі 45 пайызында ғана банк шоты бар — бұл көрсеткіш басқа дамушы нарықтарға қарағанда орта есеппен 20 пайызға төмен. Осыған қоса, **азаматтардың тек 3 пайызының ғана мобильдік ақша шоттары бар.**³

Бұл сандар өңірде пайдаланылмаған ресурстардың көлемін көрсетеді. Және де бұндай ресурс экологиялық түрде тұрақты болып, мұнай мен газдан басқа өсудің баламалы жолдарын аша алады!

Егер Орталық Азия қаржылық технологиялардың қуатын басқа өңірлердегі дамып келе жатқан елдер сияқты пайдалана алса, ол тұрмыс жағдайы нашар адамдарға, әйелдер мен жастарға айтарлықтай пайдасын тигізетін болады.⁴

Осы қағидалар инклюзивтік өсудің неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін аймаққа қажетті құралдардың бір бөлігі болып табылады. Мен елдердің *ішкі* мәселелеріне көбірек көңіл бөлу қажеттілігі туралы айтсам да, бүгінгі форум елдердің *арасында* көбірек байланыс орнатуға мүмкіндік сыйлайды.

2018 жылы Орта Азиядағы сауданың 10 пайыздан кем бөлігі сол аймақтағы елдердің арасында жүргізілді. Еуропалық Одақта бұл көрсеткіш 60 пайыздан жоғары.⁵

Алайда бұл жағдайдың қазір өзгере бастағанын байқап отырмыз. Былтыр ғана Қазақстан - Өзбекстан шекарасындағы сауда көлемі айтарлықтай дәрежеде артты. **Автомобиль жолдары, темір жол және электр желілері түріндегі жаңа өңірлік мүмкіндіктер ақырында жүзеге асырылуда.** Ал өткен айда Орталық Азия елдері арасындағы сапарларды жеңілдету мақсатында «Жібек виза» жоспары жарияланды.

Осы бастамалар бір кездері әлемнің осы бөлігіне жаһандық сауда және оқыту орталығы болуға көмектескен Жібек жолы байланысының қайта құрылуына үлес қосуы мүмкін. Сондай-ақ олар әр елдің әртараптандырылған, тұрақты және инклюзивтік өсімге қол жеткізуінде де белгілі бір рөл атқаруы ықтимал.

Қорытынды

Қорытындылай келсек, мен осы елдің және өңірдегі барлық елдердің инклюзивті өсімге қолы жете алатынына толық сенемін. Оған күш-жігерді біз шын мәнінде айналамыздан жинай аламыз.

«Біз жазық далада тұрамыз ғой, өсуге байланысты айналамыздан қанша күш-жігер жинай аламыз?» - деген сұрақ туындауы мүмкін. Оның жауабы: «Аз емес».

Мына мақал туралы ойлаңыз: *«Қазақтың жүрегі дала сияқты — кең, мейірімді және жомарт.»*

Барлығымыз осы рухты сезінетін болсақ, біз экономикалық өсуді қамтамасыз ете аламыз. Тұрмыс деңгейін арттырып, миллиондаған адамдарға жаңа мүмкіндіктер сыйлай аламыз.

Нағыз жоғары жазық деген осы болады.

Көп рақмет. *Рақмет.*

¹ [2019 ж. сәуір айының "Әлемдік экономика болжамы", I тарау.](#)

² ХВҚ ведомстволық құжаты. Кавказ және Орталық Азия өңірін инклюзивтік өсуге ынталандыру. Мамыр, 2019 ж.

³ Ид.

⁴ Ид.

⁵ ХВҚ ведомстволық құжаты. Кавказда және Орталық Азияда бизнес ашу. Ақпан, 2019 ж.